КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2024 жылғы 01 қараша №7119-24-00-2/13537 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының әкімшілік ғимараттары дирекциясы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
1. Жеке кәсіпкер «Иманғажы» атынан Иманғажы Батиха
2. Жеке кәсіпкер «ARO» атынан Абдирахманов Жусип Абдикахарович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының әкімшілік ғимараттары дирекциясы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Иманғажы» атынан Иманғажы Батиха, жеке кәсіпкер «ARO» атынан Абдирахманов Жусип Абдикахаровичті мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы қойған талап қоюы – ішінара қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ARO» атынан Абдирахманов Жусип Абдикахарович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «ARO» атынан Абдирахманов Жусип Абдикахаровичтен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 01.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 09.12.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 10.12.2024
7119-24-3-1/12920

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер ««Иманғажы» атынан Иманғажы Батиха мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандарудан бас тартылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 01.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.12.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 10.12.2024

7119-24-3-1/12920